



Тараз Мемлекеттік Педагогикалық Университеті

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

**ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Оқытушы: Көшербаева М.Р.

**Орындағандар: Құлыбек А.,
Сагимбаева Э.,
Искахов Ж.**

Тобы: Ф-14-1

Сабақтың мақсаты :

- Мұғалімдерге диалогтық оқыту әдісін пайдалану жолдары, оның түрлері, әдістері жайлы мағұлмат алуына жағдай жасау.**
- Мұғалімдерге оқушыларды диалогтық оқыту пайдасы туралы мағұлмат беру, сұрақ қою жолдарымен таныстыру.**

Оқу нәтижесі :

- Мұғалімдер сабақта диалогтық оқу жүйесін пайдалану тиімділігі жайлы оның түрлері, әдістері жайлы мәліметтермен таныс болды. Диалогтық оқыту мәнін оның түрлерін түсінеді. Оқушылардың білім деңгейін көтеруде диалогтық оқыту мәнінің пайдасы жөнінде ұғынады**

Сабақтың ережесі:

- 1. Жұмысқа белсенді қатысу.**
- 2. Бір -бірімізді бөлмей тыңдау.**
- 3. Ойды ашық айту.**
- 4. Тыныштық сақтау.**

Ұйымдастыру кезеңі:

- 1) Оқушылармен амандасу
- 2) Топқа бөлу
- 3) Жаңа тақырыпты түсіндіру
- 4) Бұл кім, ол не?
- 5) Эрудиттер сайысы
- 6) Теоретиктер сайысы
- 7) Құпия жәшік
- 8) Кім жылдам
- 9) Бағалау
- 10) Қорытынды

Диалогтық оқыту ұжымдық (мұғалім мен бала бірігіп тапсырманы орындайды) **және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын** (мұғалімдер мен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарасты қарастырады) **және қолдаушы** (балалар қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсінікке жетулеріне көмектеседі) **оқыту тәсілі болып табылады.**



* Диалогтық оқыту

ДИАЛОГ

Барлығы үшін және жеке

Оқушы үшін

Қызықты және түсінікті сабақ

Мұғалім үшін

Табыстылық пен шығармашылық кілті

Тренер үшін

Әмбебеп педагогикалық технология

Басшы үшін

Ұжымның бәсекелестікке қабілеттілігі

Білім беру жүйесі үшін

Дамыта оқытуды жүзеге асыру үшін

Диалогтік оқытудың тиімділігі.



Диалог сабақта
оқушылардың
қызығушылығын
арттырумен қатар
олардың білім
деңгейінің өсуіне үлес
қосады.

Мерсер мен Литлтон

* СЫНЫПТАҒЫ ДИАЛОГТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырады ;

Оқушылардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады ;

Оқушылар сыныптастарымен не мұғаліммен диалогке түссе, оларды оқыту әлдеқайда жеңіл болады ;

* Оқушылардың бірлесіп сұхбаттасқандағы пайдасы

- Тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығына көз жеткізеді;
- Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың қандай деңгейде екендігін түсінуіне көмектеседі.
- Оқушы өз идеясын жетілдіре алады.
- Оқушының өзіне деген сенімі артады.
- Сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

Александр тәжірибеде зерттелген диалогтің 5 үлгісін анықтады:



- **1.МЕХАНИКАЛЫҚ** (мұғалім –сынып): қайталау арқылы фактілер мен идеяларды зерттеу



- **2.АУЫЗША ЖАУАП** (мұғалім-сынып немесе мұғалім-топ) : мұғалім сыныпқа қайталауға арналған сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын бағыттап отырады.



- **3.НҰСҚАУЛЫҚ/ТҮСІНІК БЕРУ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе мұғалім-оқушы) оқушыларға ақпарат ұсыну немесе түсініктеме беру;



- **4.ТАЛҚЫЛАУ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе оқушы-оқушы) ақпарат алмасу және проблемалық мәселелерді шешу мақсатында идеялармен танысу;



- **5.ДИАЛОГ** (мұғалім-сынып, мұғалім-топ, мұғалім-оқушы немесе оқушы-оқушы) құрылымдалған сұрақтар және нысаналы талқылау арқылы ортақ түсінік қалыптастыру;

Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесудің 3 түрі бар:

Әңгіме-дебат

- Оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды.

Кумулятивтік әңгіме

- Идеялар қайталанатын және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме

- Әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүреді, топтағы қатысушылар келісімге келуге тырысады.

- **Александр** (2004) оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды десе, **Мерсер** (2000) білімді бірлесіп алуда немесе "пікір алмасу" барысында оқушылар тең құқылы серіктестер болып табылады деп тұжырымдайды.



Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.

Сұрақтардың түрлері: төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

Сұрақ қою техникасы: *түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау*
Түрткі болу: *сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді нысықтау.*

Сынақтан өту: *толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді. "Сіз мысал келтіре аласыз ба?" деген сұрақтармен бағыттайды*

Қайта бағыттау - *сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды. "Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.*

БҰЛ КІМ, ОЛ НЕ?

Формуласы күрделі,
Есептеп жылу мөлшерін.
Ойлап тапқан ғаламға,
Берген бірлік мөлшерін

- Джоуль. Джоуль-Ленц заңы

- Италияян ғалымы
- Қандай құбылысты ашыпты
- Оны білген балалар
- Залда жүгіруден қашыпты
- Кім болды екен, бұл ғалым?

• Инерция құбылысы, Г.Галилей

- Ток күшінің өлшемі
- Ағып өткен мөлшері
- Физикалық шамаға
- Ғалым атын сыйлады

- Ток күші, А. М. Ампер

- Хабар алған алыстан
- Екі өріс табысқан
- Фарадейден қалыспай
- Зерттей білген қай ғалым?

- электр өрісі, Д. Максвелл

- Күш бар жерде білек бар
- Барлығы қалай шешілді.
- Бақтағы алма үзілді
- Бұл заң қалай ашылды.

- Б.Ә.Т заңы, И.Ньютон

- Табиғатты зерттеген
- Тәжірибенің атасы
- «Эврика» деген аңызбен
- Қай ғалым еді, жүгірген?

• Таптым, Архимед.

Эрудиттер сайысының мақсаты:

- Оқушылардың белсенділігін және ойлау қабілетін арттыра отырып, оларды зеректікке, ой шапшаңдылығына, тапқырлыққа, төзімділікке және өзара сыйластыққа, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.

1-топқа

- 1) Сандыққа нені тығып қоюға болмайды? (жарық)
- 2) Күн күркірегенде ең алдымен найзағайды көремізбе, әлде күркіреген дауысты естиміз бе? (найзағайды)
- 3) Атом массасының өлшем бірлігіне не алынған? (кг)
- 4) Идеал газ күйінің теңдеуін ең алғаш ашқан кім? (Менделеев)
- 5) Психрометр нені өлшеуге арналған құрал? (ауа ылғалдығын)
- 6) Сұйықтың ең кішкентай бөлшегі қлай аталады? (тамшы)
- 7) Бқл кім? Өмірінде 40т тамақ жейді, дүние жүзіндегі ең ақылды жыртқыш, қуаты орта есеппен 2,2Вт (адам)
- 8) Көк шарфты суға салса, не болады? (су)

2-топқа

- 1) Дене пішінінің немесе көлемінің өзгеруі? (деформация)
- 2) Адамға қай кезде көзілдіріктің қажеті жоқ? (ұйықтағанда)
- 3) Ең кішкентай заряд? (электрон)
- 4) Екі дене жанасқанда пайда болатын күш? (үйкеліс)
- 5) Күн мен түннің көктемде теңелуі? (22-наурыз)
- 6) Қандай ыдысқа су құйылмайды? (су толы ыдысқа)
- 7) Жылу мөлшерінің өлшем бірлігі? (Дж)
- 8) Заттың агрегаттық күйлері? (қатты, сұйық, газ)

Нәтижесі:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- пікір алмасып, бір - бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады;
- сұрақтарға жауап беру арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алады;
- оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі;
- оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады;

- Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл.
- Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study , таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

- Lesson Study тобы зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтап алғаннан соң әр пән мұғаліміне негізгі нысандарды анықтау міндеттелді. Олар:
 - - осы сыныптағы зерттелетін үш оқушыны анықтау;
 - - Lesson Study бағытында жұмыс істейтін әрбір оқушының деңгейін анықтау;
 - - Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтілетіні туралы қысқа да нұсқа жазу.

«Теоретиктер» сайысы

1. Г. Ом заңы
2. И.Ньютон заңы
3. Ш.Кулон заңы

осы ұлы ғалымдардың
заңын атап, формуласын
жазып беріңіз.

Кезең «Құпия жәшік»

- 1. «Жанды нәрсе туралы»
- 2. «Қандай зат?»
- 3. «Қорапта қандай физикалық дене бар?»

«Жанды нәрсе»

- 1) Көзі қырағы, жанған жарықты алыстан көреді. (5-ұпай)
- 2) Жүрегінің қуаты 2,2 Вт. (3-ұпай)
- 3) Ғұмырында 40 тонна тамақ жейді (2-ұпай)
- 4) Жердегі ең ақылды кім (1-ұпай)



«Қандай зат»

- 1. Адам организмінде бар зат? (5-ұпай)
- 2. Заттың үш күйінің біреуі? (3-ұпай)
- 3. Үш күйде де бола алады? (2-ұпай)
- 4. Жерде онсыз өмір жоқ? (1-ұпай)

«Физикалық дене»

- 1. Зерттеу жұмыстарына құрал ретінде қолданылады? (5-ұпай)
- 2. Іші ауаға толы? (3-ұпай)
- 3. Спортшы осы денемен дос? (2-ұпай)
- 4. Шар тәріздес? (1-ұпай)

